

ҚАЗІРГІ ДӘУІРДЕГІ АЛТЫНСАРИННІҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ИДЕЯЛАРЫНЫҢ ӨЗЕКТІЛІГІ

Толымбек Назерке Рамазанқызы, магистрант

Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті

Избасханов Амирбек, аға оқытушы

Орта Азия инновациалық университет

Шымкент

Аннотация: бұл мақалада Ыбырай Алтынсариннің педагогикалық мұрасы және заманауи кәсіби білім беруге байланысты түсініктемелер мен бірнеше мысалдар көрсетілген. ХХІ ғасыр мектептерінде Ыбырай шығармашылығында көтерген тәрбие мен оқыту мәселелері дұрыс және тиісті жерлерде ұстана білуді қарастырылған.

Түйін сөздер: педагогикалық мұра, ұлттық сана - сезімін, бастауыш мектеп, әдістеме, балалар әдебиеті

Елбасы Н.Назарбаевтың «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақаласында «Көпшіліктің санасында тарихи үдерістер, негізінен, тұлғаландыру сипатына ие болатыны белгілі. Көптеген халықтар өз елінің ерекше елшісі сынды ұлы бабаларының есімдерін мақтан тұтады»- деп айтылған [1].

Ұлы дала Әл-Фараби мен Ясауи, Күлтегін мен Бейбарыс, Өз-Тәуке мен Абылай, Кенесары, Абай мен Ыбырай және басқа да көптеген ұлы тұлғалар бүгінде өз мемлекетіміздің баға жетпес символдық капиталы боп саналады. Сондықтан біз атақты тарихи тұлғаларымыз бен олардың жетістіктерінің құрметіне көп назар аударуымыз керек. Солардың біреуі – ұлы ағартушы Ыбырай Алтынсарин.

Қазақтың кең даласының байлығын еркін билеу үшін, патша шенеуніктеріне көмекші бастықсымақтар даярлау үшін патша үкіметі қазақ даласында мектептер аша бастады. Бірақ, қазақ балалары білім алсын, халық мәдениетті болсын деген мақсат патша үкіметінің ойларына да келген емес еді. Осындай мектепке Балғожа би немересі Ыбырайды оқуға береді. Ыбырай сол мектепті бітіргеннен кейін, Орынбордағы Шекаралық комиссиясы төрағасы В.В.Григорьевтің бай кітапханасынан Ыбырай кітаптар алып оқып, дүниежүзі ағартушыларының еңбектерімен, саясат, ағарту саласындағы журналдардан ұлы адамдар өмірлерімен танысады. Ыбырай содан бастап, өз елінде мектеп

ашуды ойластырады. Ендігі күнде қазақ даласында мектеп ашуға ел адамдары арасында үгіт жұмыстарын жүргізіп, оқудың мән- жайын түсіндіре бастайды.

Әрбір көзі ашық сауатты адам көбейе берсе, өз елінің мәдениетін көтерумен қатар, оның шаруашылық экономикасының өзгеруіне де, жаңаруына да, шаруашылықтың жаңа түрлерінің енуіне ықпал жасар еді деген мақсаттарды да ойластырған.

Осы мақсаттарды іске асыруды көздеп, орыс- қазақ мектептерінде сауат ашу, хат танумен қатар, балаларға техникалық ілімдерді үйрететін пәндердің де жүрілуін талап етті. Мектепке қажетті оқулықтар мен оқу құралдарын жазуды да Ыбырай өз міндетіне алды.

«Надан жатқан, бірақ әлі азғындық жолға түспеген, пайдалы нәрсенің бәріне жаны құмар халқымызға, шамасы келгенше, қызмет ету біздің әрқайсымыздың да борышымыз» - деп көзі ашық ел азаматтарына үндеу салған. Осы айтылған пікірге байланысты Ыбырай «Әй,жігіттер!» деген өлеңінде :

Әй, жігіттер, үлгі алмаңыз

Азған елдің ішінен.

Алыс- алыс қашыңыздар,

Зияндасты кісіден,- деп, ел ішін, қарапайым халықты осындай іріткі топтардан арылып алмай, өнер-білімге, жаңа мәдениетке шақыру, сондайлық қиын екенін де өте зеректікпен айта білген. Сонымен қатар , қазақ халқының өнер-білімге, жаңалыққа, жаңа мәдениетке деген ынтасын дарындылығын өте жоғары бағалаған еді. «Қазақтың осы ынтасын татар, өзбек, башқұрт сияқты көрші елдердің молда, қожалары пайдаланып отыр. Ал егер осы бұзылмаған іскер, дарынды халық ... діни фанатизмнің ықпалына біржолата түсіп кетсе, онда бұл өте өкінішті болған болар еді», - деген ойда болды [2,15-бет].

Орыс халқының XIX ғасырдағы көп әдебиеттерімен танысқан Ыбырай балаларды тәрбиелеуде, оқытуда, олардың ой-санасына қозғау салып, дамытуда өзінің педагогикалық идеясын іске асыру үшін алдымен балалар әдебиетін жасауға бет бұрып, балалар әдебиеті тақырыбына жазылған орыс классиктерінің шығармаларын қазақшаға аударды. Алдымен орыс халқының

балалар әдебиеті тақырыбына жазылған еңбектерімен танысады. Жас ұрпақтарымызға үлгі етіп ұсынды. Бұл- қазақ халқы үшін, әсіресе оның жас ұрпақ балалары үшін, аса игілікті іс, жаңа бастама.

Ыбырай Алтынсариннің қолға алған екінші мәселесі балаларға отырықшылық тұрмыстың артықшылығын, белгілі мекен болудың жақсы жақтарын түсіндіру болды. Жер, қолөнер кәсіптерімен айналысудың пайдалы жақтарын айтқан. Ыбырай Алтынсариннің «Киіз үй мен ағаш үй», «Қыпшақ Сейткұл» деген шағын жазылған әңгімелерінде дәл осындай мәселелер суреттеледі [3, 84-бет].

«Қыпшақ Сейткұл» деген әңгіме көлемі жағынан өте қысқа жазылса да, мазмұны терең, күрделі істі қамтитын, әлеуметтік мәселені қозғайды деп ойлаймын.

Жастарды өнер-білімге шақыру, отырықшылық тұрмыстың, жер кәсібімен айналысудың пайдалы жақтарын түсіндірумен қатар Ыбырай творчествосының үшінші көтеретін мәселесі еңбек процесі болды. «Бай баласы мен жарлы баласы», «Өрмекші, қарлығаш, құмырсқа» тағы сол сияқты әңгімелер еңбек етсең, емерсің, еңбектенсең ғана, ойлағын мақсатына жетерсің деген ойды түрлі қызықты мысалдармен суреттеп береді. Еңбек үдерісіне жазылған Ыбырай әңгімелері бірінен- бірі асып отырады. Олар бірін-бірі қайталамайды, әрқайсысының өзіндік қызықты және тәрбиелік күшті жақтары бар деп ойлаймын. Сондай әңгімелерді жастайынан оқыған балалар әрқашан пайдалы, өнегелі істерге үйренеді, жаман жақтарынан жирене түседі. Әрқашан ата-анаға болысу борышты міндет деген қорытындыға келеді. Еңбек етсе ғана ойлаған арманына жететінін Ыбырай балаларға түрлі жолдармен осындай қызықты да, тәрбиелік мәні бар әңгімелер арқылы түсіндіреді. Еңбектің арқасында өмір сүрудің жеңіл болатынын ескертеді.

Ыбырай Алтынсарин шығармашылығының көтеретін төртінші мәселесі балаларды ұқыптылыққа, мейрімділікке, әділдікке, әдептілікке үйреті жақтары болады. Осы идеяның бәрі де баланы оқыту, үйрету, тәрбиелеу процесі арқылы ғана іске асатынын қазақ халқының тұңғыш педагог ағартушысы және балалар

әдебиетінің атасы Ыбырай Алтынсарин дұрыс түсінген, дұрыс шешкен. Жас балаларға осындай күрделі мәселелерді оңай түсіндіруді қызықты жазылған көркем әңгіменің атқаратын рөлі күшті екеніне педагогтар зор мән берген. Сондықтан Ыбырай Алтынсарин баланы оқытуды, тәрбилеуде өзі көтерген мәселенің бәрін де оқушыларына шағын жазылған көркем әңгімелері арқылы жеткізеді.

Ыбырай шығармашылығының көтерген бесінші мәселесі – достық, жолдастық қарым- қатынас жайлары болды. «Ақымақ дос», «Жаман жолдас» деген әңгімелері осы тақырыпқа арналған еді. Бұл әңгімелердің негізгі идеясы жаман әдеттен , жаман жолдастан аулақ жүруге үйретеді. Парасатты жақсы адам әрқашан барлық жағынан да кіршіксіз таза, ізгі ниетті болуға тырысады да, тиісті дегенді қолдайды. Бұл әңгімелердің басты қасиеті өмірде әрқилы адамдардың болатынын балаларға есертіп отырады. Сонымен қатар опасыз, тұрақсыз, күйрек болмауға шақырады. Мұның тәрбиелік мәні осында.

Достың да досы бар. Кейбір достар ерекше қамқорлық көрсеткен болып өзінді отқа итереді. Өтірік қамқорсып, біреудің қолымен от көсеп отыратын достар да болады. Сырты момын, іші қу, аңқаусыған ақымақ достар да кейде күтпеген жерде өмірден опық жегізеді, «сақтықта қорлық жоқ» деген халықтың данышпандық мақалы бар ғой, осындайдан сақ бол деп үйретеді.

Қазақстанның егеменді ел болғаннан бері білім саласындағы білімді де, білікті де маман дайындау және білім саласын бүкіл әлемдік стандарттарға сай өзгерістер мәселесіне мемлекет басшысы баса назар аударды. Тәуелсіздікті баянды етіп, білімнің маңыздылығын жоғары бағалап, экономикалық және қаржылық қиындықтарға қарамастан білім саласына қолдау көрсетуде. Себебі қазіргі әлемде болып жатқан қарқынды өзгерістер әлемдік білім жүйесін қайта қарау екендігінің дәлелі болды. Сонымен қатар тек қана білім берумен қатар тәрбиелеу мақсатында зор үлес қосу бұл біздің - ұстаздар қауымының қолында деп ойлаймыз. Ыбырай шығармашылығында көтерген өз мәселелерін дәл осы, яғни ХХІ ғасырда дұрыс және тиісті жерлерде ұстана білуді талап етеді. Яғни, өнер-білімсіз, қолөнер кәсіпсіз, еңбек етпей, достық пен қарым-қатынассyz

адам өз өмірінде тиісті білім ала алмайды. Өйткені, бірін-бірінсіз олар тиісті нәтижеге жете алмайды [4, 25-бет].

Атақты ғұлама Әбу Насыр әл-Фарабидің «Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие беру керек, тәрбиесіз берілген білім адамзаттың қас жауы, ол келешекте оның өміріне апат әкеледі» [5, 210-бет] - деген сөзі бәрімізді қатты ойландыру керек. Ұлттың рухани-экономикалық, әлеуметтік тұрғыда өсіп- жетілуі білімнің мазмұндылығы мен маңызына, оған деген көзқарасқа тікелей қатысты. Ал жеке тұлға мен қоғам құндылықтарын қалыптастыру барлық кезеңдерде өзекті мәселе болып келгені мәлім. Олай дейтініміз, осы рухани-адамгершілік құндылықтардың мәні, тәрбиелік маңызы туралы ғұламалар, ұлы ағартушы-педагог Ыбырай Алтынсарин өз еңбекінде құнды ой-пікірлерін кейінгі ұрпаққа мұра етіп қалдырған. Ғасырлар қойнауынан жеткен жәдігерлердің өнегелік сипаттарын, тәлімдік тәсілдерін тиімді қолдансақ, ғибраттың нағыз қайнар көзінен сусындаймыз. Ағартушы-жазушымыз-кемеңгер ғұлама ұстаз Ы.Алтынсарин еңбектерінде баланы елін, жерін сүйе, табиғатты аялауға, имандылыққа, әдептілікке, қайраттылыққа, еңбек етуге тәрбиелеудің ұлттабиғатына лайық небір тамаша әдістері ұсынылады. Ы.Алтынсарин адам тәрбиесіне зор мән берген.

Оқушыларға, студенттерге білім беруде, тәрбиелеуде Ыбрай өмірінің, педагогикалық идеяларының өнегелі тәрбие беретін жақтары жеткілікті. Себебі, Ыбрай бүкіл өмірі, еңбектері, негізінен үлгілі-өнегелі адам тәрбиелеу ережесі десе болады. Ыбрай мұрасын мәңгілік өнеге мектебі дейміз. Қазіргі таңда жан аямай кәсіп қылудан безінетін «бейнет көрмей дәулет жоқ екенін» парасаттамайтын, ұрлық пен қулықты қызық көретін жастарды жақсы мінез-құлық пен имандылыққа үйрететін, ел болып ер жетуімізге жол нұсқайтын асыл-Ыбрай мұрасы. Ыбрай шығармаларындағы терең ойды мұғалім өзі терең түсінгенде ғана баламен жүгізілетін білімдік және тәрбиелік істері нәтижелі болмақ.

Қоғамның санасын Ыбырай Алтынсарин педагогикалық жүйемен баяндап эстетикалық таныммен философиялық қағидаларымен тұжырымдап отырды.

Қазіргі таңда ұстаздың сабағында жаңа технология әдіс-тәсілдері оқушыларды ортамен қарым-қатынас жасай білуге, басқаны тыңдай білуге, топта бір тұжырымға келуге, топ алдында өз ойын еркін айтып қорғай білуге, әдептілікке, жауапкершілікке, өнерге, еңбектенуге үйретеді. Ыбырай ұстазымыздың да ұсынған әдістемесінің негізі осы емес пе.

Білім берудегі демократиялық, ізгілендіру, ынтымақтастық идеясы, мұғалім мен оқушы арасындағы қарым-қатынасты өзгертті. Мұнда мұғалімнің кәсіби-әдістелік шеберлігінің маңызы зор. Қазіргі жаңалық деп жүрген ынтымастық, ізгілендіру идеясын сол кездің өзінде-ақ Ыбырай Алтынсарин қалыптастырған болатын.

Ыбырай Алтынсариннің ізгі ойлары, талғамы, педагогикалық идеялары көптеп саналады.

Еліміздің үлкен бір проблемасы жастар проблемасы болып есептеледі. Ендеше бүгін алда қойған мақсат Ыбырай Алтынсаринның еңбек, тәртіп, тәрбие идеяларына тоқталып, қазіргі заман талабымен ұштастыру. Данышпан әр оқушыны біртұтас жасампаз тұлға деп қарайды. Сондықтан жеке адамның бойынан жоғарыда айтылған адамгершілік қасиеттерінің бірі табылса, біртұтас мінез қалыптасады. Бұлар ұстаздардың оқушыларға дұрыс, жүйелі, табанды түсіндірумен, балаға дұрыс талап қоя білулерімен жүзеге асырылады және ұзақ уақытты қажет етеді.

Ыбырай Алтынсарин адамгершілікке тәрбиелеу идеясын көтерді, оны шешу жолдарын іздестірді.

Тәрбиенің қазіргі біз пайдаланып жүрген кай саласын да Алтынсарин еңбектерінен табуға болады.

Білім беру сапасын жақсартудың бірден-бір жолы - жаңа педагогикалық технологияларды қолдану. Мұғалім оқушының табиғи дарын, қабілетін ашу арқылы жас ерекшелігін ескере отырып, технология элементтерін тиімді пайдалану керек бір сабақтың барысында бірнеше технологияны кезекпен, тиімді, оқушыны жалықтырмай жүргізуге болады. Сабақ - ұстаздың көп ізденуінен, көп еңбектенуінен туатын педагогикалық шығарма. Кезінде

Алтынсарин да мұғалімдерге дәл осындай талап қойған болатын. Бұл Ыбырай Алтынсариннің педагогикалық идеяларының өміршендігін-байқатады. Мұғалімнің беделін көтере отырып, Ыбырай Алтынсарин мұғалімге талап қойған [6, 9-бет].

Қазіргі оқыту әдістемесінде қолданып жүрген көптеген технологияларда бар. Сын тұрғысынан ойлау, деңгейлеп - саралап оқыту, проблемалық оқу, интерактивті, белсенді оқыту т.б. - қайсысын алсақ-та негізінде Ыбырайдың педагогикалық идеялары жатыр деуге болады. Сондай - ақ арнаулы пән сабақтарында В.Ф Шаталовтың технологиясына сай тірек-сызба әдістері тиімді. Мысалы, кәсіби қазақ тілі сабақтарында тірек-сызба арқылы, тірек конспектілерді пайдалану арқылы рөлдік- ойындар арқылы оқушының сөйлесу мәдениетін дамытуға пікір таластыра білуге үйретіледі деген сенімдеміз.

Қазіргі жас буын жан-жақты терең білімді, саяси- экономикалық сауатты, яғни интеллектуалдық деңгейі жоғары болса, тәуелсіз мемлекетіміздің мықты тірегі болатынына сеніміміз мол.

Ыбырайдың да алға қойған мақсаты-қайткен күнде де «қалың елі, қазағым» терезесі тең көсегелі, көргенді мәдениетті, өнері өркендеген ел қатарына қосу болатын. Осы жолда сан кедергілерге кездесіп, «мыңмен жалғыз алысып», аңсаған арманға жету жолында бойдағы бар күш- қайратын, ақыл- парасатын сарп еткен Ыбырай да қалың бұқараны шынайы қамқоршылары бола білді. Ыбырай идеяларын дамытып, қоғамда пайдалана білу үлкен бір жетістік.

Әдебиеттер

1. Назарбаев Н.Ә. «Ұлы даланың жеті қыры» // Егеменді Қазақстан, 21 қараша 2018 ж
2. Ақылжанов М. Қазақ ағартушыларының қоғамдық саяси көзқарастарының қалыптасуы. <https://articlekz.com/kk/article/28923>
3. Дербісәлин Ә. Әдебиет туралы толғаныстар - Алматы: Ғылым, 1990
4. Жарықбаев Қ. Қазақ ағартушылары жастарды тәрбиелеу туралы - Алматы, 1965.
5. Кәкішев Т. Қазақ әдебиеті сынының тарихы - Алматы: Санат, 1994.
6. Керімбаев Н. Жасымда ғылым бар деп ескермедім-Алматы: Рауан, 1995.